

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден өткізілді
2009 жылғы 19.03
№ 96898-1910 АҚ Күршілік
МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА
19.03 2009 г.
Свидетельство № 96898-1910 АҚ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Басқармасының
2009 жылғы «05» март № 10/09
шешімімен
БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Республикасы
Әділет Министрлігі
Алматы қаласы
Әділет Департаменті
Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу
2009 жылғы 19.03 жүргізілді.
БСН 090340012961

2010 жылғы 28.01
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН ЖАРАМДЫ

«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ
«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ 2011 жылғы 04.04

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу
2011 жылғы 04.03 жүргізілді
БСН 090340012961
Алғашқы тіркелген күні 19.03 жылғы 2009
Күршілік № 2263-1901-02-АҚ

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН ЖАРАМДЫ
Күршілік 2263-1901-02-АҚ
БСН 090340012961

«ЕСІЛ АУДАНЫНЫҢ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ»
2011 жылғы 04.03
ТІРКЕЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕРМЕН ЖӘНЕ
ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН ЖАРАМДЫ
Күршілік 2263-1901-02-АҚ
БСН 090340012961

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның атауын, мекен-жайын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзырын, оның қызметінің қайтақұрылу және тоқтатылу талаптарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге ережелерді анықтайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына»;

3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Real estate fund «Samruk-Kazyna».

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Фонд недвижимости»;

3) ағылшын тілінде: Joint Stock Company «Real estate fund».

Қоғамның атқарушы органының мекен-жайы: 050004, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Гоголь көш., 111.

2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, өзінің жеке балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға ие бола алады және оларды жүзеге асырады, жауапты, сотта арыз беруші және жауапкер бола алады.

5. Қоғам қызметін жүзеге асыру үшін қажетті мөрі, өз атауымен бланкілері және өзге деректемелері бар.

6. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамасын, осы Жарғыны, сонымен қатар Жалғыз акционердің шешімдерін басшылыққа алады.

7. Қоғамның еншілес және тәуелді заңды тұлғаларды құруға, сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағындағы және одан тыс жерлердегі өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына және олардың қызметіне осы Жарғыда және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңымен қарастырылған тәртіпте қатысуға құқы бар.

8. Қоғам Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған тәртіпте, өзі тұрған жерде орналаспаған, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ережелердің негізінде Қоғам атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқы бар.

3. ҚОҒАМНЫҢ ЖӘНЕ АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9. Қоғам өз мүлкі шегінде өз міндеттемелеріне жауапты.

10. Қоғам өз акционерлерінің міндеттемелеріне жауапты болмайды. Акционерлер Қоғам міндеттемелеріне жауапты болмайды және өздеріне тиесілі акциялар құны шегінде Қазақстан Республикасының заң актілерімен қарастырылған жағдайлардан бөлек, Қоғам қызметімен байланысты шығын тәуекелін тартады.

11. Қоғам мемлекет міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, мемлекет те оның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды.

4. ҚОҒАМНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ МЕН ФУНКЦИЯЛАРЫ

12. Қоғам қызметінің негізгі мақсаты жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру және Астана мен Алматы қалаларында, сонымен қатар Қазақстан Республикасының өзге аймақтарында жалға берілетін тұрғын үй нарығын дамыту үшін жағдай жасау болып табылады

13. Қоғамның негізгі міндеттері:

Астана мен Алматы қалаларындағы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының өзге аймақтарындағы тұрғын-үй құрылысын аяқтау үшін, олардан жайлар сатып алып, кейіннен сатып алу немесе сату құқығымен оларды жалға беру арқылы жағдай жасау;

халықтың тұрғын-үй проблемасын шешу үшін жағдай жасау;

Жалғыз акционерге жылжымайтын мүлік нарығындағы дағдарысқа қарсы шараларды іске асыруына жәрдемдесу болып табылады.

14. Қоғамның негізгі функцияларына:

жеке жылжымайтын мүлік қорын құру;

жылжымайтын мүлікті басқаруды қамтамасыз ету (жалға беру, оның ішінде жылжымайтын мүлікті кейіннен сатып алу, сату құқымен жалға беру, пайдалану, күтіп ұстау және жөндеу және т.с.с. жұмыстарды ұйымдастыру);

жылжымайтын мүлік нарығын қолдау жөніндегі шараларға мониторинг жүргізу;

мақсаты пен міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге функциялар жатады.

5. ҚОҒАМ МҮЛКІ МЕН КАПИТАЛЫ

15. Қоғам мүлкі:

1) Жалғыз акционердің Қоғамның орналастыратын акцияларын төлеуге берген мүлкі;

2) Қоғамның қызметі нәтижесінде алынған табыстары;

3) Қазақстан Республикасының заңымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге мүлік есебінен қалыптасады.

6. ҚОҒАМНЫҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН ӨЗГЕ ҚҰНДЫ ҚАҒАЗДАРЫ

16. Қоғам акцияларды, облигацияларды, еркін айырбасталатын және өзге, оның ішінде туынды құнды қағаздарды шығаруға құқығы бар.

Қоғамның құнды қағаздарын шығару, орналастыру, айналымдары мен өтемінің шарттары және тәртіптері құнды қағаздар нарығы туралы заңмен айқындалады.

17. Қоғам тек жай акцияларды ғана шығарады.

Жай акция Жалғыз акционерге оның қарауына шығарылатын барлық мәселелер бойынша шешім қабылдауына құқық береді. Жай акция Жалғыз акционерге Қоғамның таза табысы болғанда дивиденд алуға және Қоғам таратылған жағдайда, заңмен белгіленген тәртіпте, оның мүлкінің бөлігін алуға да құқық береді.

18. Қоғам акцияларын шығару құжатсыз түрде де жүзеге асырылады.

19. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуге алынғаннан кейін орналастырады.

20. Орналастырылатын акциялар төлемі ретінде ақша, мүліктік құқық (оның ішінде зияткерлік меншік нысаналарына құқық) және заңмен қарастырылған жағдайлардан бөлек, өзге мүлік болуы мүмкін.

Ақшадан бөлек өзге мүлікпен төлеу заңға сәйкес берілген лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтайтын баға бойынша жүзеге асырылады.

21. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды, заңға сәйкес, Қоғамның және оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болып табылмайтын Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады.

22. Қоғам өзі орналастырған құнды қағаздарды кепілге тек мынадай жағдайда, егер:

1) кепілге берілетін құнды қағаздар толықтай төленген болса;

2) Қоғамға кепілге ұсынылатын және кепілде тұрған акциялардың жалпы саны, Қоғамның өзі сатып алған акциялардан бөлек, Қоғамның орналастырылған акцияларының жиырма бес пайызынан аспайтын бөлігін құрайтын болса;

3) акциялар кепілі туралы шартты Қоғамның Директорлар кеңесі құптаған болса, қабылдай алады.

7. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ТӘРТІБІ. АКЦИЯЛАР БОЙЫНША ДИВИДЕНДТЕР

23. Жалғыз акционерінің шешіміне сәйкес оған тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін дивиденд Жалғыз табысы болып табылады.

Қоғамның таза табысы (салық және бюджетке басқа міндетті төлемдер төленгеннен кейін) Жалғыз акционердің шешімімен анықталған тәртіпте, оның ішінде дивиденд төлеуге, бөлінеді. Қалған бөлігі Қоғамды дамытуға немесе Жалғыз акционердің шешімімен қарастырылған өзге мақсаттарға беріледі.

Жалғыз акционер жыл қорытындысы бойынша жай акцияларға дивиденд төлеудің мақсатқа сай еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сонымен бірге, сот немесе Жалғыз акционер оның таратылуы

туралы шешім қабалдаған болса, дивидендтер аударылмайды және төленбейді.

24. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) егер меншік капиталының мөлшері сәйкес болмаған жағдайда немесе егер Қоғамның меншік капиталы оның акциялары бойынша есептелген дивидендтер нәтижесінде жеткіліксіз болатын болса;

2) егер ол «Банкрот туралы» Қазақстан Республикасының занамасына сәйкес төлемқабілетсіз немесе мүмкіншілігі жоқ болса, немесе көрсетілген белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша есептелген дивидендтер нәтижесінде пайда болатын болса, дивиденд есептеуге рұқсат етілмейді.

8. ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

25. Жалғыз Акционер:

1) заңмен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивиденд алуға;

3) Қоғам қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционермен немесе Жарғымен анықталған тәртіпте Қоғамның қаржылық есептілігімен танысуға;

4) Қоғам тіркелімінен немесе оның құнды қағазға меншік құқығын растайтын нақтылы ұстаушыдан үзінді алуға;

5) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға (тағайындауға);

6) Қоғам органымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;

7) Қоғам органдары Заң және Жарғы нормаларын бұзатын әрекеттер жасаған жағдайда, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін мемлекеттік органдарға жүгінуге;

8) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сұраныммен өтініш жасауға және сұраным Қоғамға келіп түскен кезден бастап отыз күн ішінде дәлелді жауап алуға;

9) Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бөлігіне;

10) акцияларды немесе Қоғамның акциясына еркін айырбасталатын оның өзге құнды қағаздарын, заңмен белгіленген тәртіпте, айрықша сатып алуға;

11) Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

12) өз есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамға аудит жүргізуін талап етуге құқылы.

26. Жалғыз акционер заңмен және Жарғымен қарастырылған өзге де құқықтарға ие бола алады.

27. Қоғамның Жалғыз акционері:

1) акцияларды заңмен және Жарғымен қарастырылған тәртіпте төлеуге;

2) Қоғам акцияларын ұстаушылыр тізілімінің жүйесін енгізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы Қоғам тіркеушісіне және осы акционерге тиесілі акциялардың нағыз ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпиялардан тұратын мәліметтерді жария етпеуге;

4) Заңға сәйкес өзге міндеттерді орындауға міндетті.

9. ҚОҒАМ ОРГАНДАРЫ

28. Қоғам органдары:

1) жоғарғы орган – Жалғыз акционер;

2) басқару органы – Директорлар кеңесі;

3) атқарушы орган - Басқарма.

29. Жалғыз акционердің ерекше құзырына мына мәселелер жатады:

1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;

2) Қоғамды ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;

3) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрлерін өзгерту туралы шешім қабылдау;

4) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің Төрағасын сайлау, сонымен қатар Директорлар кеңесінің мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері мен шарттарын анықтау;

5) Қоғам Басқармасы Төрағасын тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар онымен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату, кейіннен осы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына шығару;

6) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;

7) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденд төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына дивиденд мөлшерін бекіту;

8) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы заңының 22-бабының 5-тармағында қарастырылған жағдайлар туындаған кезде, Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденд төлемеу туралы шешім қабылдау;

9) Қоғамның қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көбірек пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау;

10) Қоғам «Құнды қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес акцияларды сатып алған кезде, акциялар құнын анықтау әдістемесіне енгізілетін өзгерістерді бекіту;

11) егер Қоғам Жарғысымен Жалғыз акционерге Қоғам қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібі анықталмаған болса, онда мұндай тәртіпті белгілеу;

12) «алтын акцияны» енгізу және оның күшін жою;

13) Қоғамның даму стратегиясын бекіту;

14) Қоғамның Директорлар кеңесінің атқарған жұмысы жөніндегі жылдық есебін бекіту;

15) Қоғамның жылдық есебін бекіту;
16) Қоғамның акцияларын ерікті делистингтеу туралы шешім қабылдау;
17) Қоғам қызметінің негізгі принциптері туралы меморандумды бекіту;
18) қызметтік жеңіл автокөліктердің тиістілік нормативтерін, Қоғамның әкімшілік аппаратын орналастыру үшін алаң нормасын, іссапар шығындарының нормасын анықтау;

19) қызметтік іссапарларға жіберілетін Қоғам қызметкерлерінің шығындарын өтеу тәртібі мен талаптарын анықтау;

20) қызметкерлерге мобильді байланысты пайдалану құқығын берген кезде, Қоғам қаражаты есебінен өтелетін шығындар лимитін, өкілдік шығындар мен өзге лимиттерді жалғыз акционердің шешімі бойынша анықтау;

21) заң актілері мен осы Жарғы бойынша акционерлердің жалпы жиналысының немесе Жалғыз акционердің ерекше құзырына жататын өзге мәселелер жөнінде шешім қабылдау.

Қоғамның осы Жарғысымен Жалғыз акционердің ерекше құзырына жататын мәселелер бойынша шешімді Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар органы, лауазымды тұлғалары қабылдайды.

30. Заң актілерімен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының немесе Жалғыз акционердің ерекше құзырына жататын мәселелерден бөлек мәселелер бойынша Қоғам қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

31. Директорлар кеңесінің ерекше құзырына мына мәселелер:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау;

2) акцияларды орналастыру (сату), оның ішінде, жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

3) орналастырылған акцияларды немесе өзге құнды қағаздарды сатып алу және олардың сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Басқарманың сандық құрамын, өкілетті мерзімін анықтау, оның мүшелерін (Басқарма Төрағасынан бөлек) сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, лауазымдық жалақыларының мөлшерін және Басқарма Төрағасы мен оның мүшелеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын анықтау;

5) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

6) Қоғамға аудит жүргізуді жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;

7) Қоғамның аудиторлық ұйымның қызметіне төлеу мөлшерін анықтау;

8) ішкі аудит қызметін құру, ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілетті мерзімін анықтау, оның бастығы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақы және сыйлықақы төлеу мөлшері мен талаптарын анықтау;

- 9) әр қаржы жылға бизнес жоспарды (бюджетті) және Қоғамның даму жоспарын бекіту;
- 10) Банктің бизнес-жоспарды (бюджетті) орындағаны туралы Қоғам Басқармасының тоқсан сайынғы есебін қарастыру;
- 11) корпоративті хатшыны тағайындау, оның өкілетті мерзімін анықтау, өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративті хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 12) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқарманың қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдайтын құжаттарынан бөлек), оның ішінде аукцион өткізу және қоғамның құнды қағаздарына жазылу шарты мен тәртібін белгілейтін ішкі құжаттарды бекіту;
- 13) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау;
- 14) Қоғамның өзге заңды тұлғалар акцияларының он және көбірек пайызын (жарғылық капиталда үлестік қатысумен) сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- 15) Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен тізбе бойынша шешімі Қоғам Басқармасының құзырымен қабылданатын мәселелерден бөлек, акцияларының (жарғылық капиталда үлестік қатысумен) он және одан көбірек пайызы Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның қызметі акционерлердің жалпы жиналысының (қатысушылардың) құзырына жататын мәселер бойынша шешім қабылдау;
- 16) Қоғам міндеттемелерін оның меншік капиталы мөлшерінің он және одан көбірек пайызын құрайтын көлеміне ұлғайту;
- 17) Қоғамның орталық аппараты қызметкерлері мен ұйымдастыру құрылымының штатын (жалпы санын), сонымен қатар корпоративтік хатшы қызметінің штат кестесін бекіту;
- 18) Қоғамның даму стратегиясын Жалғыз акционердің мақұлдауына және қарауына шығару;
- 19) мәселелерді Қоғамның Жалғыз акционерінің қарауына шығару;
- 20) Директорлар кеңесі Комитеттерін құру, олар туралы Ережелерді бекіту, сонымен бірге Комитет мүшелерін сайлау;
- 21) сатып алуларды ұйымдастыру рәсімдерін орындауға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесінің басшысын тағайындау;
- 22) Қоғамның есеп саясатын бекіту;
- 23) Қоғамның өзге ұйымдарды құруға қатысуы туралы шешім қабылдау;
- 24) Қоғамның басқарушы қызметкерлерінің, сонымен қатар бекітілуі немесе келісуі Қоғамның Директорлар кеңесімен жүзеге асырылатын еншілес тәуелді заңды тұлғалардың тізбесін анықтау;
- 25) Ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын бекіту;
- 26) Директорлар кеңесі мүшелерінің Қоғам қызметі, оның ішінде қаржылық қызметі туралы ақпаратты алу тәртібі мен мезгілін анықтау;
- 27) Қоғамның құнды қағаздарының еркін айырбасталуының, сонымен қатар олардың өзгеру талаптары мен тәртібін анықтау жатады.

32. Қоғамның Директорлар кеңесінің кемінде 3 (үш) мүшесі болады. Директорлар кеңесінің Төрағасын Жалғыз акционер тағайындайды.

Директорлар кеңесінің Төрағасы заңмен және Жарғымен белгіленген тәртіпте:

1) Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;

2) Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;

3) отырыстарда хаттаманың жүргізілуін ұйымдастырады;

4) Қоғам атынан Басқарма Төрағасымен Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес лауазымдық жалақы мөлшерін белгілейтін еңбек шартын жасасады;

5) Қоғамның Жарғысымен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады;

Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндетін

Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі атқарады.

Директорлар Кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум

Директорлар Кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмайтын санды құрайды және қатыспаған Директорлар Кеңесі мүшелерін (олардың жазбаша түрде берген дауыстары бар болса) есепке ала отырып, айқындалуы мүмкін

Директорлар Кеңесінің бір мүшесінің даусын Директорлар Кеңесінің басқа мүшесіне беруге тыйым салынады.

Директорлар Кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңымен және осы Жарғымен өзге жағдай қарастырылмаған болса, Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған Директорлар Кеңесі мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, Директорлар Кеңесі Төрағасының немесе Директорлар кеңесінде төрағалық етіп отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар Кеңесі тек Директорлар Кеңесі мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық түрдегі отырысын өткізу жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

33. Мынадай тұлға:

жоғарғы білімі жоқ;

заңмен белгіленген тәртіпте сотталғандығы өтелмеген немесе алынып тасталмаған;

бұрынырақ банкрот деп танылған тұлға немесе осы тұлға басшылық еткен уақытта банкрот, консервация, санация, күшпен таратылу туралы шешім қабылданғаннан кейін бес жыл ішінде консервацияға, санацияға, күшпен таратылуға ұшыраған заңды тұлғаның басқарушы қызметкері болған тұлға Директорлар Кеңесінің мүшесі бола алмайды.

Басқарма Төрағасы Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайлана алмайды.

34. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру тәртібі және оның қызметі заң актілерімен белгіленеді.

35. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы шешімді Директорлар кеңесінің Төрағасы қабылдайды.

Егер берілген уақытта алынған бюллетеньдерде кворум бар болса, сырттай дауыс беру арқылы шешім қабылдау қабылданған болып есептеледі.

Директорлар Кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуі және Корпоративті хатшы мен Директорлар Кеңесі төрағасының қолдары қойылуы тиіс.

Шешімді ресімдеген күннен бастап, жиырма күн ішінде негізінде осы шешім қабылданған бюллетеньмен қосып, Директорлар Кеңесінің мүшелеріне жіберу керек.

36. Сырттай дауыс беру отырысқа қатысып отырған Директорлар кеңесі мүшелерінің жасырын дауыс беруімен бірге қолданылуы мүмкін. Сырттай дауыс беру бюллетені жасырын дауыс беруге қатыспаған Директорлар кеңесі мүшелеріне отырыс өткеннен кейін жіберілуі мүмкін және олар оны алған мезгілден бастап, екі күннен кешіктірмей қол қоюлары тиіс. Директорлар кеңесі мүшелерінің дауысын санаған кезде көзбе-көз отырыста қабылданған мәселелердің шешімдері дауыс сырттай дауыс беру бюллетенінде көрсетілген шешіммен сәйкес келген дауыс есепке алынады.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамасы сырттай дауыс беру бюллетенімен бірге тігіледі.

37. Жасалуына Қоғам қызығушылық танытатын мәмілерді Жалғыз Акционердің тобына кірмейтін ұйымдармен, сонымен қатар жеке тұлғалармен жасау туралы шешім мәміленің жасалуына қызығушылық танытпаған Директорлар кеңесі мүшелерінің жәй көпшілік даусымен қабылданады. Егер, Директорлар кеңесінің барлық мүшелері, тәуелсіз директорлардан басқасы, осындай мәміленің жасалуына қызығушылық танытқан жағдайда, шешім тәуелсіз директорлардың жәй көпшілік даусымен қабылданады.

Дауыстар тең болған жағдайда, Жасалуына Қоғам қызығушылық танытатын мәмілерді Жалғыз Акционердің тобына кірмейтін ұйымдармен, сонымен қатар жеке тұлғалармен жасау туралы шешімді Жалғыз Акционер қабылдайды.

38. Көзбе-көз тәртіпте өткізілген отырыста қабылданған Директорлар Кеңесінің шешімдері отырысқа қатысқан Директорлар кеңесі мүшелерінің, оның ішінде Директорлар Кеңесінің отырысында төрағалық еткен тұлғаның және Корпоративті хатшының қолдары қойылып, отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде хаттамамен ресімделуі тиіс және онда Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мәліметтер болуы қажет.

Директорлар Кеңесі отырыстарының хаттамалары мен Директорлар Кеңесінің сырттай дауысқа салу жолымен қабылданған шешімдері Қоғам мұрағатында сақталады. Корпоративтік хатшы Директорлар Кеңесі мүшесінің жазбаша талап етуімен оған Директорлар Кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауысқа салу жолымен қабылданған шешімдерді танысып шығу үшін беруі тиіс және (немесе) Корпоративтік хатшының

қолымен және Қоғамның мөр бедерімен куәландырылған хаттама мен шешімдерден үзінділерді беруге міндетті.

39. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты Қоғамның өзге органдары мен лауазымдық тұлғаларының құзырына жатпайтын, Қоғам қызметіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдайтын атқарушы орган – Басқарма жүзеге асырады, оған қоса Басқарма:

1) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шарт бұзылған жағдайда, Қоғамның тіркеушісін сайлайды;

2) Қоғам немесе қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын оның қызметі туралы ақпаратты анықтайды;

3) жылдық қаржылық есептілікті алдын ала бекітеді;

4) Қоғамның облигациялары мен туынды құнды қағаздарын шығару талаптарын анықтайды;

5) Қоғам акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметін төлеу мөлшерін анықтайды;

6) Қоғамның штат кестесін бекітеді;

7) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

8) Заңмен және осы Жарғымен белгіленген тәртіпте, Қоғам атынан мәміле жасайды;

9) Директорлар Кеңесі бекітетін құжаттарға жатпайтын, Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

10) Қоғамның Директорлар Кеңесі бекіткен тізбе бойынша акцияларының он және одан көбірек пайызы (жарғылық капиталда үлестік қатысумен) Қоғамға тиесілі заңды тұлға акционерлерінің жалпы жиналысының (қатысушыларының) құзырына кіретін қызмет мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес өзге функциялар мен өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқарма Жалғыз Акционердің және Директорлар Кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

Басқарма отырысы қажеттілігіне қарай, кемінде аптасына бір рет, Басқарманың кез-келген мүшелерінің бастамашылығымен шақырылады.

Басқарма шешімі Басқарма мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді. Осы отырысқа қатысушы Басқарманың барлық мүшелері Хаттамаға қол қояды.

40. Жалғыз Акционердің өкілдері және Жалғыз Акционердің өкілі болып табылмайтын Қоғам қызметкерлері Басқарма мүшелері бола алады.

Басқарма мүшелері өзге ұйымдарда тек Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жұмыс істеуге құқылы.

Басқарма Төрағасы атқарушы органның басшысы қызметінде немесе өзге заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке жүзеге асырушы тұлға ретінде жұмыс істеуге құқы жоқ.

Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін, сонымен қатар онымен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтатуды кейіннен

директорлар кеңесінің қарауына шығаратын акционерлердің жалпы жиналысы (жалғыз акционердің) жүзеге асырады.

Басқарма Төрағасын тағайындау және оның өкілеттіктерін, сонымен қатар онымен еңбек қатынастарын мерзімінен бұрын тоқтату жөніндегі мәселелер бойынша Жалғыз акционердің шешімін Директорлар Кеңесінің бірауыздан қабылдаған шешімімен қабылданбауы мүмкін.

41. Басқарма Төрағасы:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар Кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) оның үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғам атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынасында Қоғам мүддесін көрсету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғам қызметкерлерін жұмысқа қабылдау, ауыстыру және жұмыстан босату, көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын жүзеге асырады,

Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен Қоғамның штат кестесіне сәйкес, жалақыға жеке үстеме мөлшерін белгілейді, Қоғам қызметкерлерінің, Басқарма құрамына кіретін және ішкі аудит қызметі қызметкерлері және корпоративтік хатшыдан басқасының, сыйақы мөлшерін анықтайды;

5) өзі болмаған жағдайда, оның міндеті Басқарма мүшелерінің біреуіне жүктеледі;

6) Басқарма мүшелері арасында міндеттерді, сонымен қатар өкілеттік және жауапкершілік аясын бөліп береді;

7) Қоғам Жарғысымен, Жалғыз акционердің және Директорлар Кеңесінің шешімдерімен анықталған өзге функцияларды жүзеге асырады.

8) Басқарма Төрағасына қатысты көтермелеу және тәртіптік жаза шараларын Қоғамның Директорлар Кеңесінің Төрағасы қолданады.

42. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар Кеңесінің және Басқарма құрамына сайлана алмайды.

Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар Кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді.

10. ЖАСАЛУЫНА АЙРЫҚША ТАЛАПТАР БЕЛГІЛЕНГЕН ҚОҒАМНЫҢ МӘМІЛЕЛЕРІ

43. Қоғамның ұлттық басқарушы холдинг тобына кіретін ұйымдармен жасалуына «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен айрықша талаптар белгіленген мәміле жасау тәртібі «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасының заңымен айқындалады.

44. Осы Жарғының 42-тармағында көрсетілмеген тұлғалармен жасалуына айрықша талаптар белгіленген мәмілелер «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңымен немесе Қоғам Жарғысымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

11. ҚОҒАМНЫҢ ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЛАУАЗЫМДЫ ТҰЛҒАЛАРЫНЫҢ ОЛАРДЫҢ АФФИЛИРЛЕНГЕН ТҰЛҒАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҰСЫНУЫ

45. Қоғам өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

46. Қоғамның Жалғыз Акционері мен лауазымды тұлғалары Қоғамның атқарушы органына тұлғаларды аффилирленген деп тану үшін негіз пайда болған (жоғалған) күннен немесе акциялар сатып алған (Қоғамның лауазымды тұлғасымен еңбек шартын жасау) күннен бастап, жеті күн ішінде өзінің аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты жазбаша хабарлама жіберу арқылы ұсынуға міндетті.

12. ҚОҒАМНЫҢ АҚПАРАТТЫ АШУЫ

47. Қоғам өз қызметі туралы, оның ішінде заң актілеріне және осы Жарғыға сәйкес Қоғам акционерінің мүддесін қозғайтын ақпаратты Жалғыз Акционердің назарына жеткізеді.

«Егемен Қазақстан» газеті Қоғам мен оның Жалғыз акционері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес міндетті жариялануы тиіс өзінің хабарламалары мен өзге ақпаратты жариялау үшін бұқаралық ақпарат құралы болып табылады.

48. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам Жалғыз акционерге заң актілерімен қарастырылған құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті.

49. Жалғыз акционер ақпарат алу мақсатында Қоғам Басқармасына жазбаша түрде өтініш жасайды. Жалғыз акционердің өтініші Қоғамның кіріс құжаттарын есепке алатын жорналда тіркелуі тиіс. Қоғам Жалғыз акционерге талап етілген (талап етілген құжаттардың көшірмелерін) ақпаратты өтініш еткен күннен бастап отыз күнтізбелік күн ішінде ұсынуға міндетті.

Құжаттар көшірмелерін ұсынғаны үшін төлем мөлшерін Қоғам белгілейді және ол құжаттар көшірмелерін әзірлеуге шыққан шығын құнынан және құжаттарды Жалғыз Акционерге жеткізуге байланысты шыққан шығын төлемінен аспауы қажет.

13. ҚОҒАМДЫ ҚАЙТАҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

50. Қоғам Жалғыз Акционердің шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған өзге негіздемелер бойынша қайта құрылуы немесе таратылуы мүмкін.

51. Қоғамның қайта құрылу және таратылу тәртібі Қазақстан Республикасының заңымен және өзге нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Faint, illegible text at the top of the page, possibly a header or title.

Several paragraphs of faint, illegible text in the upper middle section.

Another section of faint, illegible text, possibly a list or a detailed description.

A section of faint, illegible text in the lower middle part of the page.

Another section of faint, illegible text in the lower part of the page.

Faint, illegible text at the bottom of the page, possibly a footer or concluding remarks.

52. Осымен Жарғымен реттелмеген барлық жағдайда, Қоғам Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

53. Осы Жарғы заңмен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Уәкілетті тұлға

К. Айтекенов

АЙТЕКЕНОВ

Кайрат
Медьбаев

УТВЕРЖДЕН
решением Правления АО «Фонд
национального благосостояния
«Самрук-Қазына»
от «05» апреля 2009 года № 10/09

УСТАВ

**акционерного общества
«Фонд недвижимости «Самрук-Қазына»**

г. Астана, 2009 год

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1. Настоящий Устав акционерного общества «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына» (далее – Общество) определяет его наименование, местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование общества:

1) на государственном языке: «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» акционерлік қоғамы;

2) на русском языке: акционерное общество «Фонд недвижимости «Самрук-Қазына»;

3) на английском языке: Joint Stock Company «Real estate fund «Samruk-Kazyna».

3. Сокращенное наименование общества:

1) на государственном языке: «Жылжымайтын мүлік қоры» АҚ;

2) на русском языке: АО «Фонд недвижимости»;

3) на английском языке: Joint Stock Company «Real estate fund».

Местонахождение исполнительного органа общества: 050004, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Гоголя, 111.

2. ЮРИДИЧЕСКИЙ СТАТУС ОБЩЕСТВА

4. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

5. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

6. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и законодательством Республики Казахстан, настоящим Уставом, а также решениями Единственного акционера.

